

Сайлау алдындағы үгітті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы іске асырудың және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлауды ақпараттық қамтамасыз етудің Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы Төрайымының 2004 жылғы 11 тамыздағы N 124/158 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 17 тамызда тіркелді. Тіркеу N 3016. Қаулының күші жойылды - Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2007 жылғы 25 маусымдағы N 90/178 қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2007 жылғы 25 маусымдағы N 90/178 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңының 12, 27 және 28 баптарының негізінде Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы қаулы етеді:

1. Қоса берілген сайлау алдындағы үгітті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы іске асырудың және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлауды ақпараттық қамтамасыз етудің Ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының "Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихаттарының депутаттығына кандидаттарға радио-телебағдарламалардан эфир уақытын беру және мемлекеттік мерзімді баспа басылымдарына және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарына сайлау алдындағы үгітті жүргізудің Ережесі туралы", Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 875 болып тіркелген, 1999 жылғы 17 тамыздағы N 21/225 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

3. Осы қаулы басшылыққа алу үшін облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының сайлау комиссияларының төрағаларына, Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігіне жіберілсін.

4. Осы қаулы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркеуден өткен сәттен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
О р т а л ы қ с а й л а у к о м и с с и я с ы н ы ң*

Төрайымы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
О р т а л ы қ с а й л а у к о м и с с и я с ы н ы ң
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 1 т а м ы з д а ғ ы

бекітілген

Сайлау алдындағы үгітті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы іске асырудың және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлауды ақпараттық қамтамасыз етудің Ережелері

1. Жалпы ережелер

Осы Ережелер "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына (бұдан әрі - Заң), "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидаттар, сондай-ақ партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялар, Қазақстанның аумағында таратылатын және Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарының істері жөніндегі уәкілетті органның есебінде тұратын, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сайлау алдындағы үгітті жүзеге асырудың тәртібін реттейді.

Ережелерде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

сайлауды ақпараттық қамтамасыз ету - сайлаушыларды сайлау науқанына әзірлік пен оны өткізудің барысы туралы, сайлау алдындағы үгітті қоспағанда, жедел және кеңінен хабардар етуге бағытталған шаралар кешені;

сайлау алдындағы үгіт - сайлаушылардың белгілі бір кандидатты, саяси партияны жақтап немесе қарсы дауыс беруге қатысуына түрткі болу мақсатындағы қызмет;

сөз сөйлеу - депутаттыққа кандидаттың, партиялық тізімін ұсынған саяси партия өкілінің сайлау алдындағы бағдарламасын баяндай отырып, сайлаушыларға жеке өтініші;

саяси пікір-сайыстар - екі және одан көп кандидаттардың, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялардың өкілдерінің, түрлі қоғамдық маңызды мәселелер бойынша жария пікірлер алмасуы, оның ішінде кандидаттардың сайлау алдындағы бағдарламаларына қатысты, жария пікірлер алмасу барысында айтылған мәселелердің кең шеңбері бойынша айтқандары;

бұқаралық ақпарат құралының редакциялық кеңесі - заңды тұлғаның қызметкерлерінен құрылған, заңды тұлға басшысының бұйрығына сәйкес, сайлау өткізу кезеңінде бұқаралық ақпарат құралында шығару, эфиріне шығу жөнінде түпкілікті шешім қабылдауға өкілетті етілген алқалы орган.

2. Сайлауды бұқаралық ақпарат құралы арқылы ақпараттық қамтамасыз ету

1. Сайлауды ақпараттық қамтамасыз етуді мемлекеттік билік органдары, сайлау комиссиялары, бұқаралық ақпарат құралдары заңдарға сәйкес жүзеге асырады.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың мерзімді баспа басылымдары сайлау комиссияларының хабарламаларын, сайлауға қатысатын кандидаттар туралы деректерді "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен және көлемде жариялауға міндетті.

Осы хабарлар мерзімді баспа басылымының бір нөмірінде, ал көлемі едәуір болған жағдайда - басылымға қосымша ретінде жариялануға тиіс.

3. Бұқаралық ақпарат құралдары тиісті сайлау комиссияларына сайлау алдындағы науқанның барысы туралы ақпаратты және Заңда белгіленген хабарларды кідіріссіз жариялауға мүмкіндік туғызады.

Ақпарат кейін оны жариялау үшін баспа басылымдарына баспа өнімінің келесі нөмірі шығатын күннің алдындағы күнгі сағат 15-ке дейін жіберілуі тиіс.

Бұл хабарлар, келісімін берсе, мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы мүмкін. Бұл жағдайда олар жариялауды тиісті сайлау комиссиясы берген көлемде жүзеге асыруға міндетті.

4. Бұқаралық ақпарат құралдары кандидаттардың, саяси партиялардың сайлау науқанын объективті түрде жариялауды жүзеге асыруға; кандидаттың немесе саяси партияның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне көрінеу нұқсан келтіретін үгіт материалдары мен өзге де ақпаратты жариялаудан аулақ болуға;

өтініш келіп түскеннен кейін баспа басылымының таяудағы нөмірінде сол бетте, сондай көлемде және сол қаріппен немесе теледидар не радио хабарларында жиырма төрт сағат ішінде сондай уақытта аталған адамдарға ар-намысын, қадір-қасиетін және іскерлік беделін қорғауы үшін теріске шығаруды тегін жариялауына мүмкіндік беруге міндетті.

Өтінішке таратылған материалдар кандидаттың немесе саяси партияның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіреді деп тану туралы соттың шешімінің көшірмесі қоса берілуі тиіс.

Бұқаралық ақпарат құралдары кандидаттардың, саяси партияның сайлау науқанын жария еткен кезде кандидаттардың да, саяси партиялардың да қызметі туралы жариялағанда олардың ешқайсысына артықшылық туғызбай, теңдік және тепе-теңдік принциптерін басшылыққа алуға міндетті.

5. Ақпараттық теле- және радио бағдарламаларында, мерзімді баспа басылымдарындағы жарияланымдарда сайлау алдындағы іс-шараларды өткізу туралы хабарламалар қандай болмасын белгілі бір кандидатты, партиялық тізімін ұсынған саяси партияны артық көрушіліксіз не алдын-ала ойланылғандықсыз берілуге тиіс. Артық көрушілік немесе алдын-ала ойланылғандық деп нақты кандидат, саяси партия туралы баспа басылымының жеке нөміріндегі көлемі бойынша басым, жеке теле-радиохабардағы көлемі бойынша басым және арнайы

әсерлермен ерекшелендірілген оң да, келеңсіз де сипаттағы хабарларды, жаңалықтар дикторының мәтініне кандидаттар мен саяси партияларды бағалауды, оларға ұрандар және үндеулер енгізуді түсінген лазым.

6. Кандидаттар не олардың сенім білдірген адамдары болып тіркелген журналистердің, бұқаралық ақпарат құралдары редакциялары лауазымды адамдарының сайлауды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көрсетуге қ а т ы с у ы н а қ ұ қ ы ғ ы ж о қ .

Егер бұқаралық ақпарат құралының бас редакторы (редакторы) кандидат не сенім білдірілген адам болып табылса, ол сайлау науқанын жариялау жөнінде шешім қабылдау өкілеттіктерін сайлау кезеңіне редакциялық кеңеске береді.

7. Сайлаумен байланысты қоғамдық пікірге сұрау салу нәтижелерін жариялаған кезде бұқаралық ақпарат құралдары сұрау салуды жүргізген ұйымды, сұрау салуды жүргізуге тапсырыс берген және оның ақшасын төлеген адамдарды, сұрау салу жүргізілген уақытты, ақпарат жинау әдісін, сұрау салудың нақты тұжырымын, сұралғандардың саны мен сұрау салу нәтижесінің қателік коэффициентін көрсетуге міндетті.

Бұқаралық ақпарат құралдарында қоғамдық пікірге сұрау салу нәтижелерін, сайлау нәтижелерінің болжамын, сайлауға байланысты өзге де зерттеулерді дауыс берілетін күн алдындағы бес күн ішінде және дауыс берілетін күні жариялауға ж о л б е р і л м е й д і .

Қоғамдық пікірге сұрау салу нәтижелері Интернеттің қазақстандық бөлшегіндегі жалпыға бірдей қолжетімді ақпараттық-телекоммуникациялық желілердің web-сайттарында жарияланған кезде, осы талап web-сайттың редакциясы орналастырған редакциялық материалдарға, сондай-ақ авторлық жарияланымдарға таратылады.

3. Сайлау алдындағы үгітті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы іске асырудың тәртібі

8. Мемлекет азаматтарға, қоғамдық бірлестіктерге белгілі бір кандидатты, партиялық тізімін ұсынған саяси партияны жақтап не қарсы кедергісіз сайлау аялындағы үгіт жүргізу құқығына кепілдік береді.

9. Саяси партиялар туралы заңға сәйкес саяси партиялар өз қызметі туралы ақпарат таратуға және өзінің мақсаттары мен міндеттерін насихаттауға құқылы.

Сайлау алдындағы үгіт басталған сәттен бастап, саяси партияның мақсаттары мен міндеттерін жарнамалайтын және насихаттайтын, барлық ақпарат саяси партияның сайлау қорынан төленуі тиіс. Егер саяси партияның мақсаттары мен міндеттерін жарнамалайтын және насихаттайтын өнім үшін сайлау алдындағы үгіт басталғанға дейін төлем жасалса, оның құны саяси партияның сайлау қорынан алынуы және саяси партияның шотына қайтарылуы тиіс.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы сайлау алдындағы үгіт деп:

1) кандидаттарды, партиялық тізімін ұсынған саяси партияларды жақтап немесе қарсы дауыс беру ұрандарын;

2) сайлаушының қандай да бір кандидаттарға, партиялық тізімін ұсынған саяси партияларға қатысты артықшылық жасауы, атап айтқанда, кандидаттардың қайсысына, қандай саяси партияға дауыс беретінін көрсетуді;

3) кандидаттарды, партиялық тізімін ұсынған саяси партияларды сайлаудың немесе сайламаудың мүмкін салдарларын сипаттауды;

4) қандай да бір кандидаттар, партиялық тізімін ұсынған саяси партиялар туралы, жағымды не жағымсыз түсіндірмелер тіркесімімен, анық басым мәліметтерді ;

5) Қазақстан Республикасы Парламенті мен мәслихаттарының депутаттары және мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары болып табылатын кандидаттардың, олардың кәсіби қызметіне немесе олардың қызметтік міндеттерін орындаумен байланысы жоқ қызметі туралы мәліметтерді қамтитын материалдарды бұқаралық ақпарат құралдарына шығару (эфиріне шығару) жөніндегі қызмет танылады.

10. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сайлау алдындағы үгіт кандидаттарды, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларды, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңына сәйкес белгіленген, тіркеу мерзімі аяқталған сәттен басталып, сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады. Қайтадан дауыс беруді өткізген кезде сайлау алдындағы үгіт қайтадан дауыс беру күні тағайындалған күннен басталып, сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады.

Кандидаттардың, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялардың сайлау алдындағы үгіт жүргізуі үшін бұқаралық ақпарат құралдарына қол жеткізуінің тең жағдайына кепілдік беріледі.

11. Сайлау күні және оның қарсаңындағы күні үгіт материалдарын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға (эфирге шығаруға) тыйым салынады.

Web-сайттарда орналастырылған үгіт материалдарын сайлау күні және оның қарсаңындағы күні өзгеріссіз сақтауға болады.

12. Сайлау алдындағы үгіт кезеңінде кандидаттардың, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялардың сайлау алдындағы үгітіне байланысты баспа бұқаралық ақпарат құралының таралымын көбейтуге, сондай-ақ тегін таратылуына, сайлау қорының қаражатынан төленген қаражат есебінен тегін таратылатын саяси партиялардың баспа бұқаралық ақпарат құралдарын қоспағанда, тыйым салынады.

Бұқаралық ақпарат құралы сайлау алдындағы үгіт басталғанға дейін өзінің таралымын бір рет көбейтуге құқылы. Бұл таралым осы бұқаралық ақпарат

құралының редакциясына өтініш жасаған кандидаттардың, саяси партиялардың барлығы үшін бірдей болуы және сайлау алдындағы үгіттің мерзімі аяқталғанға дейін сақталуы тиіс.

13. Бұқаралық ақпарат құралдарының редакциясы кандидаттардың, партиялық тізімін ұсынған саяси партиялардың сайлау алдындағы бағдарламаларын жариялаудан, егер олар Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгерту, оның тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыру, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұру, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құралымдар құру идеяларын уағыздаудан бас тартады.

14. Бұқаралық ақпарат құралдарының лауазымды тұлғалары кандидаттар мен саяси партиялардың олардың сайлау алдындағы науқан барысында айтқандары үшін, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңының 29-бабының 1 тармағында көрсетілген материалдарды жариялау жағдайларын қоспағанда, жауап бермейді.

15. Бұқаралық ақпарат құралдарының редакциясы, материалында кандидаттың абыройына, қадір-қасиетіне немесе партиялық тізімін ұсынған саяси партияның іскерлік беделіне нұқсан келтіретін ақпарат болған жағдайда, кандидаттардың, партиялық тізімін ұсынған саяси партиялардың үгіт материалдарын жариялаудан (эфирге шығарудан) бас тартуға құқылы.

Осы материалды ұсынған кандидат, саяси партия редакцияның талабы бойынша онда қамтылған жоғарыда көрсетілген сипаттағы ақпаратты растайтын қ ұ ж а т т а р д ы та п с ы р а д ы .

Үгіт материалдарын жариялаудан (эфирге шығарудан) бас тартуға заңдарда белгіленген тәртіппен шағымдануға болады.

Қандай да бір адамның бейнесін - оның жазбаша келісімінсіз, ал ол қайтыс болған жағдайда мұрагерлерінің жазбаша келісімінсіз пайдалану арқылы сайлау алдындағы үгіт жүргізуге тыйым салынады.

4. Кандидаттардың сайлау алдындағы бағдарламаларымен мемлекет қаржыландыратын сөз сөйлеуі үшін эфир уақыты мен баспасөз бетінен орын беру тәртібі

16. Мемлекет Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидаттарға өз бағдарламаларымен, тиісті сайлау округінің аумағын қамтуды қамтамасыз ететін, облыстық мемлекеттік теле- және радио компаниялары мен басқа да мемлекеттік және мемлекеттік емес аймақтық теле- және радио компанияларының эфирінен теледидардан он бес минут және радиодан он минут көлемінде сөз сөйлеуіне бірдей қаражат бөлінуіне кепілдік б е р е д і .

Егер облыстық және аймақтық теле- және радио компаниялары өзінің бағдарламасымен талап етілетін аумақты қамтуды қамтамасыз ете алмаса, "Қазтелерадио" АҚ облыстық бөлімшесінен кандидат алған растауға сәйкес, кандидаттардың сөйлеген сөздерін беру, оларды одан әрі, логотиптерін көрсетпей, "Хабар", "Қазақстан" және (немесе) Қазақ радиосы бағдарламаларын хабарлау жиіліктерінде Алматыдан "Қазақстан телекоммуникациясы" (Кателко) АҚ жерсеріктік арналары бойынша тарату үшін облыстық теле- және радио компаниясы студиясында дыбыс-, бейне- жазып алу арқылы қамтамасыз етіледі.

Республикалық газеттер бір мандатты сайлау округтері бойынша дауысқа түсетін депутаттыққа кандидаттардың сөздерін қабылдауға және оларды өз газеттерінде тиісті аймақтар бойынша кандидаттардың сөзі бар қосымша парақтар (беттер) шығарумен таратуға құқылы.

17. Мемлекет Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаттығына кандидаттарға баспа басылымдарында 0,1 баспа табақтан аспайтын көлемде екі мақала жариялауына бірдей қаражат бөлінуіне кепілдік береді. Баспа табақ деп форматы 60x90 см, көлемі 5400 см қағаз бетті түсіну керек. Көлемі 0,1 баспа табақ 540 см² көлемге тең болады, яғни форматы А-2 газет бетінің 1/4 құрайды.

Кандидат баспа басылымдарындағы жарияланымдарға бөлінген қаржыны дербес пайдаланады.

18. Кандидаттарға өз бағдарламаларымен сөз сөйлеу үшін эфир уақытын, мерзімді баспа басылымдар бетінен орын беру туралы шарт жасасуға кандидаттың куәлігі және шығуын (эфирге шығуын) жүзеге асыратын бұқаралық ақпарат құралдары басшысының атына жеке жазбаша өтініші негіз болып табылады.

5. Тіркелген кандидаттарға және партиялық тізімін ұсынған саяси партияларға шарттық негізінде эфир уақытын, баспасөз бетінен орын беру тәртібі

19. Бұқаралық ақпарат құралдары тіркелген кандидаттарға және партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларға шарттық негізде эфир уақытын, баспасөз бетінен орын береді. Бұқаралық ақпарат құралдарында кандидаттарға және партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларға эфир уақытын, баспасөз бетінен орын беру туралы шарттың талаптары белгілі бір кандидатқа, саяси партияға артықшылық туғызбауға тиіс. Эфирден және баспасөзден орын беру төлемінің мөлшері, шарттары мен тәртібі туралы мәліметтерді тиісті телерадиохабарларын тарату ұйымы, мерзімдік баспа басылымының редакциясы сайлаудың тағайындалғаны туралы шешім ресми жарияланғаннан кейінгі оныншы күннен

кешіктірмей хабарлауға және жариялауға тиіс, сондай-ақ Орталық сайлау комиссиясына, тиісті аумақтық және округтік сайлау комиссияларына берілуге тиіс.

20. Бұқаралық ақпарат құралы кандидаттардың, партиялық тізімін ұсынған саяси партиялардың біріне эфир уақытын, баспасөз бетінен орын бөлуге берген келісімі басқа да кандидаттарға, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларға эфир уақытын, баспасөз бетінен орын бөлуге келісім беруі болып табылады.

21. Кандидаттар мен партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялардың бұқаралық ақпарат құралдарына шығуының кезектілігі жазбаша өтініштердің келіп түсу ретімен не егер өтініштер бір мезгілде келіп түссе, жеребе бойынша белгіленеді. Кандидаттар мен партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялар жазбаша өтініштерінде өздерінің сөйлеуінің болжаулы күнін, уақытын көрсетеді. Осы ұсыныстардың негізінде бұқаралық ақпарат құралдарының редакциялары кандидаттар мен партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларға эфир уақыты мен баспа орындарын берудің кестесін белгілейді.

22. Кандидаттардың және партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялардың сөз сөйлеуі үшін эфир уақыты мен баспасөз бетінен орын беру кестесін бұқаралық ақпарат құралдарының редакциясы әзірлейді. Осы кестеге жарнамалық макеттерді, жарнамалық роликтер мен кандидаттардың және партиялық тізімін ұсынған саяси партиялардың өзге де үгіт материалдарын жариялау да енгізіледі. Кандидаттар мен саяси партиялардың сөздерін шығарудың (эфирге шығарудың) күні мен уақыты көрсетілуге тиісті кестенің көшірмесі Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына, тиісті аумақтық және округтік сайлау комиссияларына жіберіледі.

23. Кандидаттардың теледидар мен радиода сөйлеп жатқан сөздерін бөлуге және сөйлеген сөздеріне дәл сол күні іле-шала, сондай-ақ баспа басылымдарындағы сөздеріне сол нөмірде түсініктеме жасауға тыйым салынады.

24. Мерзімді баспа басылымдарының, теле- және радио хабарларын тарататын ұйымның кандидаттардың және партиялық тізімін ұсынған саяси партиялардың сайлау алдындағы үгіті мазмұндалған барлық жарияланымдары қаржыландырудың көздері туралы ақпаратты қамтуға тиіс.

Хабарландыру тәсілін бұқаралық ақпарат құралдарының өзі белгілейді.

25. Партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялар теледидарда Орталық сайлау комиссиясы ұйымдастыратын, ол белгілейтін уақыт көлемінде саяси пікір-сайыстарға қатысуға құқылы.

Саяси партиялар және кандидаттар басқа пікір-сайыстарға не өзге теледидарлық берілімдерге қатысқан жағдайда, олардың ақысы сайлау қорлары

қ а р ж ы л а р ы н а н

т ө л е н е д і .

Пікір-сайыстарда сөз сөйлеу регламентін пікір-сайыстарды ұйымдастырушылар белгілейді.

6. Сайлау алдындағы үгітті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы өткізу Ережесінің сақталуын бақылауды ұйымдастыру

26. Осы Ережені кандидаттардың, партиялық тізімін ұсынған саяси партиялардың, бұқаралық ақпарат құралдары редакцияларының және олардың қызметкерлерінің сақтауын бақылауды Орталық сайлау комиссиясы, аумақтық және округтік сайлау комиссиялары жүзеге асырады.

27. Бұқаралық ақпарат құралдарының редакциясы сайлау алдындағы үгіт материалдарының жариялануына, эфирге шығуына есеп жүргізеді. Сайлау комиссиясынан сұрау салу түскен жағдайда бұқаралық ақпарат құралдарының редакциясы сұрау салынған күннен бастап үш күннің ішінде жазбаша ақпарат, қажет болған жағдайда сұрау салынған материалдардың көшірмелерін ұсынуға міндетті.

28. Сайлау алдындағы үгіт материалдарын қамтитын теле- және радио хабарларының жазбалары, мерзімді баспа басылымдарының даналары " Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тиісті бұқаралық ақпарат құралының редакциясында сақталады.

29. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдарға, хабарларға байланысты даулар қолданыстағы заңдарға сәйкес қаралады.